

## ҒАРИФОЛЛА ҚҰРМАҒАЛИЕВ



Біздің қазіргі опера театры 1933 жылы драма театрынан бөлінген ғой. Негізі әуелде бір ғана театр болған ғой. Оны «қара шаңырақ» дейтініміз содан. Күләш (Байсейітова), Құрманбек (Жандарбеков), Қанабек (Байсейітов), Үрия (Тұрдықұлова), Манарбек (Ержанов) бәрі де сол театрдан келді. Солармен әуелі музыкалық театр

ашылды ғой.

Алғашқы көрсеткендері «Айман-Шолпан» мен «Шұға» болған. Халық Айманның әндерін жаттап алып, айтып жүрген. Айманды Күләш айтқан.

Театрға келгеннен бастап өмірден өткенінше қызметтес болдық, партнер де болдық. Күләштай біреу айтты, ойнады дей алмаймыз. Оның әрбір жасаған образы мінсіз шебердің қолынан шыққандай, ешбір алып-қосары жоқ болатын.

Бұл әсіре мақтау да емес, атақты адам еді деп көлгірсу де емес, ақиқаты солай болатын. Қазақ өнерінде тағы бір Күләш болады деп айта алмаймын. Жоқ, қарғам, одан бері 20 жылдан асты (мен Ғарекенмен 1980 жылы әңгімелескенмін. С.Л.), небір күміс көмей, жез таңдайлармен бірге жұмыс жасадық. Міне, алдымнан сабақ алып отырған жастар бар. Ешқайсысының өнерін кемітпеймін, бәрінің де өз орны бар, тіпті білімі одан ілгері де болар. Бірақ өнерге де, өмірге де Күләштай адал, бүкіл болмысымен, жан-тәнімен қызмет ететін тағы біреу келеді-ау деп ойламаймын. Күләш туған қалпымен өлген адам. Ондай адал, ақпейілдік... ой, қайдам...

Алғашқы опералардың бәрі өзіміздің қазақ әндері негізімен жазылып еді ғой. Сол опералардың 75%-ын менен алған. Биік көтеріп айтатын әндер ғой бәрі, дайын ариялар болатын. Халыққа шыншылдығы жағынан да жақынырақ болсын деді. «Қыз-Жібекте» «Дүние-ау», «Жайма қоңыр» Мұхиттікі.

Күләштің ерекшелігі – осы операға алынған әндердің ерекшелігін күндіз-түні үйренумен болды. Соның тарихын, негізгі шығуының себебін сұрап, біліп жүруші еді. «Қара қаншық» – бұрын Бекежанның қосшы жігітінің әні болатын. Кейін осы ән Күләшқа ұнап, Жібектің ариясына айналды. Бұл операда:

Әуелде бас қосқаным-ай, Жағалбайлы-ай,

Жылқысын көптігінен-ай, баға алмайды.

Өлгені Төлегеннің рас болса,

Құдайым Қыз-Жібекті неге алмайды, – деп айтылатын ариясы.

Опералардың жартысынан көбі менен алынған әндер дедім ғой. Одан басқалары да бар ғой. Сонда сол әндердің тарихын, шығуын біледі дегендердің бәрінен ерінбей, ұялмай сұрап жүретін. Образ жасауға көмектеседі-ау деп ойлайтын.

Онымен ойнағандай жұрттың бәрі жанып кететін. Өзі жалпы адамға жылы, сыйластықты адам болатын. Ал сахнада мүлдем тартып әкететін құдіреті бар еді. Онымен ойнағанда жұрттың бәрі шынымен ғашық болып, шынымен жек көріп, ғажап өзгеріске түсетін. Айттым ғой, туған қалпымен өлген адам деп. Күләштің ешкімге, ештеңеге қызғанышы, күншілдігі болмайтын. Кейінгі жастарға, партнерлерге үйретуі керемет болатын. Музыкалық оқуы жоқ еді ғой. Бірақ табиғи слухы, сахнаны сезінуі, образдың табиғатын түсінуі, партнерлерінің мүмкіндігін байқауы ғажап еді. Оның әншілігі, ойыны, партнерлігі бір-біріне сай болатын. Жасаған образдарының мінсіздігі содан болар.

1936 жылы Мәскеудегі бірінші онкүндіктің соңында үлкен концерт бердік қой. Сол концертте Күләшті 2-3 рет қайта шақырып, ән салғызды. Иә, опералардан бөлек, концерттің өзінде солай болды.

Е, шырағым, солай, Күләштай біреу ойнады, айтты дей алмаймыз.

*С. Латиева. Бұлбұл: өмірбаяндық повесть-эссе. –  
«Ана тілі» баспасы, 2010. – 181-182 б.*